5) N 6 бағанда құжаттың атауын, номерін және жасау күнін көрсете отырып меншік құқығы шектелген (кепілге беру, мерзімінде орындалмаған салық және басқа міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану) ақша сомасы көрсетіледі.

6. Мерзімді салымдар (N№1 нысанға 2 қосымша).

1) N 2 бағанда сақтандыру ұйымының мерзімді салымдары орналастырылған банктің толық атауы көрсетіледі.

2) N 3 бағанда соның негізінде мерзімді салым орналастырылған банктік салым шартының номері және оны жасау күні көрсетіледі.

3) N 4 бағанда банктік салымның процентпен сыйақы мөлшері көрсетіледі.

4) NN 5, 6 бағандарда банктік салым шарты қолданылуының басталу және аяқталу мерзімі көрсетіледі.

5) NN 7 және 8 бағандарда есепті кезеңнің соңына теңгемен ақша қалдығы көрсетіледі. Мұндайда, N 8 бағанда есепті кезеңнің соңғы санына есеп саясатына сай бағам бойынша есептелген шетел валютасының теңгемен баламасы көрсетіледі.

6) "Жиынтық" жолы бойынша N 7 және N 8 бағандар сомасы N 1 нысанның 1200 символының N 5 бағанының мағынасына сәйкес болуы тиіс.

7) N 9 бағанда банктік салым шартының қолданылу мерзімін ұзарту саны көрсетіледі.

8) N 10 бағанда құжаттың атауын, номерін және жасау күнін көрсете отырып меншік құқығы шектелген (кепілге беру, мерзімінде орындалмаған салық және басқа міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану) мерзімді салымдар сомасы көрсетіледі.

7. Бағалы қағаздар (N 1 нысанға 3 қосымша).

1) N 2 бағанда бағалы қағаздарды өтеу мерзіміне байланысты олардың түрлері көрсетіледі.

2) NN 3, 4 және 5 бағандарда бағалы қағаздарды есепке алу мақсатына байланысты "+" белгісі көрсетіледі.

3) N 6 бағанда бағалы қағаздың санаты көрсетіледі.

4) NN 7, 8 бағандарда уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес эмитенттің атауы және елдің коды көрсетіледі.

5) N 9 бағанда бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

6) NN 10, 11 бағандарда есепті кезеңнің соңына бағалы қағаздардың теңгемен жалпы құны көрсетіледі. Мұндайда, N 10 бағанда есепті кезеңнің соңғы санына есеп саясатына сай бағам бойынша есептелген шетел валютасының теңгемен баламасы көрсетіледі.

7) "Жиынтық" жолы бойынша N 10 және N 11 бағандар сомасы N 1 нысанның 1300 символының N 5 бағанының мағынасына сәйкес болуы тиіс.

8) N 12 бағанда құжаттың атауын, номерін және жасау күнін көрсете отырып меншік құқығы шектелген (кепілге беру, мерзімінде орындалмаған салық және басқа міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану) бағалы қағаздардың құны көрсетіледі.

8. Үлесі бар бағалы қағаздар (N 1 нысанға 4 қосымша).

1) N 2 бағанда аффилиирленген тұлғалардың бағалы қағаздарынан басқа, бағалы қағаздар түрі, басқа нысанда жарғылық капиталға қатысқан жағдайда -

заңды тұлғаның атауы және ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетіледі.

2) N 2 бағанда бағалы қағаздың санаты көрсетіледі.

3) N 4 бағанда бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

4) N 5 бағанда есепті күнге бағалы қағаздардың жалпы құны көрсетіледі.

5) N 6 бағанда жарғылық капиталға қатысу көрсетіледі.

6) N 7 бағанда жарғылық капиталдағы үлес көрсетіледі (100%-ке көбейтілген жарғылық капиталға N 6 бағанның қатынасы).

7) N 8, 9 бағандарда уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес эмитенттің атауы және елдің коды көрсетіледі.

8) N 10 бағанда Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттік тағайындаған кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеушісі бойынша коды көрсетіледі.

9) NN 11, 12 бағандарда Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттік тағайындаған негізгі және қосымша қызмет бойынша экономикалық қызметтің салалық коды көрсетіледі. Қосымша қызметтің бірнеше түрлері болған жағдайда барлық тағайындалған кодтарды үтір арқылы көрсету қажет.

10) N 13 бағанда құжаттың атауын, номерін және жасау күнін көрсете отырып меншік құқығы шектелген (кепілге беру, мерзімінде орындалмаған салық және басқа міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану) үлесі бар бағалы қағаздардың құны/үлесі көрсетіледі.

9. Аффилиирленген тұлғаларға инвестициялар және оларға қойылатын талаптар (N 1 нысанға 5 қосымша).

1) N 2 бағанда аффилиирленген ұйымның атауы көрсетіледі.

2) N 3 бағанда Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттік тағайындаған кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеушісі бойынша коды көрсетіледі.

3) NN 4, 5 бағандарда Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттік тағайындаған эмитенттің негізгі және қосымша қызметі бойынша экономикалық қызметтің салалық коды көрсетіледі. Қосымша қызметтің бірнеше түрлері болған жағдайда барлық тағайындалған кодтарды үтір арқылы көрсету қажет.

4) N 6 бағанда бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

5) N 7 бағанда аффилиирленген тұлғалардың жарғылық капиталында иелік ету үлесі процентпен көрсетіледі.

6) N 8 бағанда бағалы қағаздардың сатып алынған күні көрсетіледі.

7) N 9 бағанда соның негізінде бағалы қағаздар сатып алынған құжаттың атауы, оның номері және күні көрсетіледі.

8) N 10 бағанда бір бағалы қағаздың сатып алынатын құны көрсетіледі.

9) N 11 бағанда есепті күнге инвестицияның құны көрсетіледі.

10) N 12 бағанда аффилиирленген тұлғаларға қойылатын талап түрі көрсетіледі.

11) N 13 бағанда аффилиирленген тұлғалардың сақтандыру ұйымдары алдындағы берешектің пайда болу күні көрсетіледі.

12) N 14 бағанда сақтандыру ұйымдарының есепті күнге аффилиирленген тұлғаларға қойылатын талаптардың қалдығы көрсетіледі.

13) N 15 бағанда N№1 нысанның 1500 символының мағынасына сәйкес келуі тиіс барлық инвестициялардың құны көрсетіледі.

10. Қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар (N 1 нысанға 6 қосымша).

1) N 2 бағанда тәуекелдер қайта сақтандыру шарты бойынша қайта сақтандыру ұйымдарына сақтандыру немесе қайта сақтандыру брокері арқылы тапсырылған жағдайда брокердің толық атауы көрсетіледі.

2) N 3 бағанда қайта сақтандырушының толық атауы көрсетіледі.

3) N 4 бағанда есепті күнге берешектің қалдығы көрсетіледі, бірнеше қайта сақтандыру шарттары болған жағдайда мұндай қайта сақтандыру ұйымы бойынша жалпы сомасы көрсетіледі. N 4 бағанның жиынтық сомасы нысанның 1700 символының мағынасына сәйкес болуы тиіс.

4) NN 5, 7 және 8 бағандарда өтемеу мерзімінің ұзақтығына байланысты өтеу мерзімі өткен берешек сомасы көрсетіледі.

5) N 9 бағанда құжаттың атауын, номерін және жасау күнін көрсете отырып меншік құқығы шектелген (кепілге беру, мерзімінде орындалмаған салық және басқа міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану) қайта сақтандырушыдан алынатын сома көрсетіледі.

11. Сақтандырушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары (N 1 нысанға 7 қосымша).

1) N 2 бағанда дебиторлардың толық атауы көрсетіледі.

2) N 3 бағанда дебиторлардың берешек қалдығы көрсетіледі, N 3 бағанның жиынтық сомасы 1800 символдың мағынасына сәйкес болуы тиіс.

3) NN 4, 5, 6 және 7 бағандарда мерзімінің ұзақтығына байланысты өтеу мерзімі өткен берешек сомасы көрсетіледі.

4) N 8 бағанда құжаттың атауын, номерін және жасау күнін көрсете отырып меншік құқығы шектелген (кепілге беру, мерзімінде орындалмаған салық және басқа міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану) сақтандырушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақы сомасы көрсетіледі.

12. Сақтандыру қызметі бойынша басқа активтер (N 1 нысанға 8 қосымша).

1) N 2 бағанда дебитордың толық атауы көрсетіледі.

2) N 3 бағанда басқа берешек түрі көрсетіледі, бір дебитор бойынша берешектің бірнеше түрі болған жағдайда оларды көлбеу сызық арқылы көрсету қажет.

3) N 4 бағанда берешектің құрылған күні көрсетіледі, бір дебитор бойынша берешектің бірнеше түрі болған жағдайда оларды көлбеу сызық арқылы көрсету қажет.

4) N 5 бағанда берешектің қалдығы көрсетіледі, бірнеше шарт болған жағдайда жалпы сомасы көрсетіледі және N 5 бағанның жиынтық сомасы N 1 нысанның 1920 символының мағынасына сәйкес болуы тиіс.

5) NN 6, 7, 8 және 9 бағандарда өтемеу мерзімінің ұзақтығына байланысты өтеу мерзімі өткен берешек сомасы көрсетіледі.

6) N 10 бағанда құжаттың атауын, номерін және жасау күнін көрсете отырып меншік құқығы шектелген (кепілге беру, мерзімінде орындалмаған салық және басқа міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану) сақтандыру қызметі бойынша басқа активтердің сомасы көрсетіледі.

13. Материалдық емес активтер (N 1 нысанға 9 қосымша).

1) N 2 бағанда материалдық емес активтердің атауы көрсетіледі.

2) N 3 бағанда материалдық емес активтердің сатып алынған күні көрсетіледі.

3) N 4 бағанда материалдық емес активтер бойынша амортизацияның есептелген сомасы көрсетіледі.

4) N 5 бағанда материалдық емес активтердің баланстық құны көрсетіледі.

5) N 6 бағанда меншік құқығы шектелген (кепілге беру, мерзімінде орындалмаған салық және басқа міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану) материалдық емес активтердің құны көрсетіледі.

6) Қосымша ақпарат сақтандыру ұйымының қарауына қарай көрсетіледі.

14. Негізгі құрал-жабдықтар (N 1 нысанға 10-қосымша).

1) N 2 бағанның "Жеке пайдалану үшін" деген бөлімінде негізгі құрал-жабдықтардың атауына мынадай топтар бойынша талдама жасалуы қажет:

а) жер;

б) үйлер мен ғимараттар;

в) аяқталмаған құрылыс;

г) машиналар мен жабдықтар;

д) көлік құралдары;

ж) негізгі құрал-жабдықтардың өзге түрлері;

а) және д) топтары бойынша ақпарат әрбір бірлік бойынша жеке жолда, ж) тобы бойынша жалпы сомасы бір жолда көрсетілуі қажет.

2) N 2 бағанның "өзгелері" деген 2-бөлімінде негізгі құрал-жабдықтардың атауы осы қосымшаның 1-бөліміне сәйкес көрсетілуі қажет.

3) N 3 бағанда "Негізгі құрал-жабдықтардың өзге де түрлері" деген топтан басқа N 2 бағанның 1 және 2-бөлімдерінде көрсетілген негізгі

құрал-жабдықтардың сатып алынған күні көрсетіледі.

4) N 4 бағанда амортизацияның есептелген сомасы, "Негізгі құрал-жабдықтардың өзге де түрлері" деген топ бойынша амортизацияның жалпы сомасы көрсетіледі.

5) N 5 бағанда негізгі құрал-жабдықтардың баланстық құны көрсетіледі.

6) N 6 бағанда меншік құқығы шектелген (кепілге беру, мерзімінде орындалмаған салық міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етудің тәсілдерін қолдану және т.б.) негізгі құрал-жабдықтардың құны көрсетіледі.

7) N 7 бағанда қаржы лизингіне алынған негізгі құрал-жабдықтардың құны көрсетіледі.

8) N 8 бағанда ағымдағы жалға алынған негізгі құрал-жабдықтардың құны көрсетіледі.

9) қосымша ақпарат сақтандыру компаниясының қалауына қарай көрсетіледі.

15. Өзге дебиторлық берешек (N 1 нысанға 11-қосымша).

1) N 2 бағанда пайда болған дебиторлық берешектің түрі көрсетіледі, бір дебитор бойынша берешектің бірнеше түрі болған жағдайда олар көлбеу сызық арқылы көрсетілуі қажет.

2) N 3 бағанда дебиторлық берешектің пайда болған күні көрсетіледі, бір дебитор бойынша бірнеше берешек түрі болған жағдайда олар көлбеу сызық арқылы көрсетілуі қажет.

3) N 4 бағанда дебиторлық берешектің есепті күндегі қалдығы көрсетіледі, бірнеше шарттар болған жағдайда жалпы сомасы көрсетіледі және N 4 бағанның қорытынды сомасы 2400 символының қосындысына сәйкес келуі қажет.

4) NN 5, 6, 7, 8 бағандарда өтеу мерзімі аяқталған мерзімі өткен берешек сомасы өтеу мерізімінің ұзақтығына қарай көрсетіледі.

5) N 9 бағанда меншік құқығы шектелген (кепілге беру, мерзімінде орындалмаған салық міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етудің тәсілдерін қолдану және т.б.) өзге дебиторлық берешектің сомасы атауы, құжаттың номері мен жасалған күні беріле отырып көрсетіледі.

16. Сақтандыру шарттары бойынша ақы төлеу сомасы (N 1 нысанға 12-қосымша).

1) N 2 бағанда сақтандырушының атауы немесе фамилиясы, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

2) N 3 бағанда сақтандыру түрі көрсетіледі.

3) N 4 бағанда кредиторлық берешек сомасы, оның ішінде қайта сақтандырушының үлесіне резиденттердің және резидент еместердің бөлігінде тиесілі борыш сомасы NN 5 және 6 бөліктерде көрсетіледі. N 4 баған бойынша қорытынды N 1 нысанның 4200 символының қосындысына сәйкес келуі тиіс.

17. Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу (N 1 нысанға 13-қосымша).

1) N 2 бағанда қайта сақтандыру тәуекелі сақтандыру брокері арқылы берілген жағдайда брокерлік ұйымның толық атауы көрсетіледі.

2) N 3 бағанда қайта сақтандырушы ұйымның толық атауы көрсетіледі.

3) N 4 бағанда кредиторлық берешектің есепті күндегі қалдығы көрсетіледі, бірнеше қайта сақтандыру шарттары болған жағдайда осы қайта сақтандыру ұйымы бойынша жалпы сома көрсетіледі. N 4 бағанның қорытынды сомасы N 1 нысанның 4300 символының қосындысына сәйкес келуі қажет.

4) N 5 бағанда кредиторлық берешектің пайда болу себептері көрсетіледі.

18. Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу (N 1 нысанға 14-қосымша).

1) N 2 бағанда кредитордың толық атауы көрсетіледі.

2) N 3 бағанда кредиторлық берешектің пайда болған күні көрсетіледі, бірнеше шарт болған жағдайда берешектің пайда болған күні көлбеу сызық арқылы көрсетіледі.

3) N 4 бағанда дебиторлық берешектің есепті күндегі қалдығы көрсетіледі, бірнеше шарттар болған жағдайда жалпы сомасы көрсетіледі және N 4 бағанның қорытынды сомасы N 1 нысанның 4410 символының қосындысына сәйкес келуі қажет.

19. Сақтандыру қызметі бойынша өзге міндеттемелер (N 1 нысанға 15-қосымша).

1) N 2 бағанда пайда болған дебиторлық берешектің түрі көрсетіледі, берешектің бірнеше түрі болған жағдайда олар көлбеу сызық арқылы көрсетілуі қажет.

2) N 3 бағанда дебиторлық берешектің пайда болған күні көрсетіледі, берешектің бірнеше түрі болған жағдайда олардың пайда болған күні көлбеу сызық арқылы көрсетіледі.

3) N 4 бағанда дебиторлық берешектің есепті күндегі қалдығы көрсетіледі, берешектің бірнеше түрі болған жағдайда жалпы сома көрсетіледі және N 4 бағанның қорытынды сомасы N 1 нысанның 4420 символының қосындысына сәйкес келуі қажет.

20. Заемдар (N 1 нысанға 16-қосымша).

1) N 2 бағанда заем берушінің толық атауы көрсетіледі.

2) N 3 бағанда заемның тартылу мақсаты көрсетіледі.

3) N 4 бағанда әрбір заем шартының номері мен жасалған күні көрсетіледі.

4) N 5 бағанда әрбір заем шарты бойынша сыйақы мөлшері көрсетіледі.

5) NN 6, 7 бағандарда заем шартының қолданылуының басталатын және аяқталатын мерзімі көрсетіледі.

6) N 8 бағанда дебиторлық берешектің есепті күндегі қалдығы көрсетіледі, N 8 бағанның қорытынды сомасы 5100 символының қосындысына сәйкес келуі

қажет.

7) N 9 бағанда әрбір заем шарты бойынша заем сомасы көрсетіледі.

8) N 10 бағанда әрбір заем шарты бойынша қамтамасыз ету түрі көрсетіледі.

21. Еншілес, тәуелді және аффилиирленген ұйымдар алдындағы кредиторлық берешек (N 1 нысанға 17-қосымша).

1) N 2 бағанда кредитордың - еншілес, тәуелді және аффилиирленген ұйымның толық атауы көрсетіледі.

2) N 3 бағанда кәсіпорындар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің жалпы жіктеуші бойынша берген коды көрсетіледі.

3) N 4, 5 бағандарда эмитенттің негізгі және қосымша қызметі бойынша экономикалық қызметінің Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі берген салалық коды көрсетіледі. Қосымша қызметтің түрі бірнеше болған жағдайда берілген барлық кодтар көлбеу сызық арқылы көрсетілсін.

4) N 6 бағанда пайда болған кредиторлық берешектің түрі көрсетіледі.

5) N 7 бағанда кредиторлық берешектің пайда болған күні көрсетіледі.

6) N 8 бағанда дебиторлық берешектің есепті күндегі қалдығы көрсетіледі, N 8 бағанның қорытынды сомасы 5200 символының қосындысына сәйкес келуі қажет.

22. Басқа да кредиторлық берешек және есептеулер (N 1 нысанға N 18 қосымша).

1) N 2 бағанда кредиторлық берешектің түрі көрсетіледі.

2) N 3 бағанда кредиторлық берешек пайда болған күн көрсетіледі, берешектің бірнеше түрлері болған жағдайда олардың пайда болған күндері көлбеу сызық арқылы көрсетіледі.

3) N 4 бағанда есепті күнгі кредиторлық берешектің қалдығы көрсетіледі, берешектің бірнеше түрлері болған жағдайда жалпы сома көрсетіледі және N 4 бағанның жиынтық сомасы N 1 нысанның 5900 символының мәніне сәйкес келуі тиіс.

**N 2 нысан. Қаржы-шаруашылық қызмет туралы есеп**

23. Сақтандыру ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептің N 2 бағанында мынадай баптар көрсетіледі:

1) Сақтандырудан алынған сақтандыру сыйақылары (1000 символы).

Бұл бапта сақтандыру шарттары және қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңдегі есептелген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі.

2) қайта сақтандыру шарттарымен қабылданған сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары (1100 символы).

Бұл бапта қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының есепті кезеңдегі алуға есептелген сомасы көрсетіледі.

3) Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары (1200 символы).
Бұл бапта қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының есепті кезеңдегі төлеуге есептелген сомасы көрсетіледі.
4) Алынған комиссиялық сыйақылар (3000 символы).
Бұл бапта сақтандыру шарттары және қайта сақтандыру шарттары бойынша сыйақылардың есепті кезеңдегі есептелген сомасы көрсетіледі.
5) Инвестициялық кіріс (4000 символы).
Бұл бапта сыйақы, дивиденд және инвестициялық кірістің өсімі түріндегі есепті кезеңдегі есептелген кіріс сомасы көрсетіледі.
6) Өзге кірістер (5000 символы).
Бұл бапта өзге есептелген кірістердің есепті кезеңдегі басқа символдарда көрсетілмеген операциялар бойынша сомасы көрсетіледі.
7) Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру ақыларын төлеуге жұмсалған шығыстар (7000 символы).
Бұл бапта сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерінің есепті кезеңдегі зиянды реттеуге жұмсалған шығыстарын қосқандағы есептелген сомасы көрсетіледі.
8) Қайта сақтандыруға алынған сақтандыру шарттары бойынша шығыстар (7100 символы).
Бұл бапта сақтандыру төлемдерінің қайта сақтандыруға алынған сақтандыру сыйлықақыларының есепті кезеңдегі сомасы көрсетіледі.
9) Қайта сақтандыру бойынша өтем (7200 символы).
Бұл бапта қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыру ұйымдарының есепті кезеңдегі есептелген өтеуінің сомасы көрсетіледі.
10) Регресс талаптар бойынша алынған өтем (7300 символы).
Бұл бапта үшінші тұлғалардан регресс талаптар бойынша алынған есептелген өтемнің есепті кезеңдегі сомасы көрсетіледі.
11) Регресс талаптар бойынша қайта сақтандыру ұйымына берілген өтем (7400 символы).
Бұл бапта қайта сақтандыру ұйымына регресс талаптар бойынша есепті кезеңдегі өндіріп алынған өтемді төлеуге, егер ол қайта сақтандыру шарттарының талаптарында көзделсе, есептелген сомасы көрсетіледі.
12) Сақтандыру резервтерін көбейту (азайту) (9000 символы).
Бұл бапта сақтандыру резервтерінің есепті кезеңдегі есептеу және түзету бойынша қайта сақтандыру ұйымдарының үлесіне жатқызылған соманы алып тастағандағы айналым сомасы көрсетіледі.
13) Төленген комиссиялық сыйақы (10000 символы).
Бұл бапта сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңдегі комиссиялық сыйақының есептелген сомасы көрсетіледі.

14) Жалпы және әкімшілік шығыстар (11000 символы).

Бұл бапта басқару және шаруашылық шығыстарының есептелген сомасы, атап айтқанда, қызметкерлерге төленетін еңбекақы, сыйлықақы, жәрдемақы және басқа да қосымша төлемдер, коммуналдық қызметтер, кеңсе шығыстары, әкімшілік мақсаттағы үй-жайды ұстау, сақтандыру ұйымының төлейтін айыппұлдары мен тұрақсыздық айыбының есептелген сомасы, маркетингке жұмсалатын шығыстар, сақтандыру бизнесін дамыту және сырт ұйымдарға жұмсалатын басқа да шығыстар және т.б. көрсетіледі.

15) Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер ( корпоративті табыс салығынан басқа) (12000 символы).

Бұл бапта салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есепті кезеңдегі есептелген сомасы көрсетіледі.

16) Инвестициялық шығыс (13000 символы).

Бұл бапта инвестициялық шығыстардың есепті кезеңдегі есептелген сомасы көрсетіледі.

17) Өзге де шығыстар (14000 символы).

Бұл бапта есепті кезеңдегі өзге қызметтен шығыстардың есептелген сомасы, оның ішінде алынған заемдарға жұмсалатын шығыстар сомасы және басқа да сыйақылар көрсетіледі.

18) Корпоративті табыс салығы (17000 символы).

Бұл бапта есепті кезеңдегі Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы" Заңына (Салық кодексі) сәйкес негізгі қызметтен де (17100 символы), өзге қызметтен де (17200 символы) корпоративті табыс салығының есептелген жалпы сомасы көрсетіледі.

19) Төтенше жағдайлардан түскен кіріс (шығыс) (21000 символы).

Бұл бапта есепті кезеңде күтпеген жағдайлар немесе оқиғалардың нәтижесінде туындаған кірістердің (шығыстардың) есептелген сомасы көрсетіледі.

24. Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы N 4 бағанда есепті жылға дейінгі алдыңғы жылдың есепшоттар бойынша айналымы көрсетіледі, жылы мен көрсетілген сома жыл бойына өзгеріссіз қалады.

25. Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы N 5 бағанда есепті кезеңдегі есепшоттар бойынша айналымдар көрсетіледі.

**Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп N 2 нысанына қосымшалар**

26. Сақтандыру сыйлықақылары (N 2 нысанға 1-қосымша).

1) N 3 бағанда сақтандыру кластары бойынша сақтандыру сыйлықақылары, оның ішінде N 4 бағанда қайта сақтандыру шарттары бойынша жылдың басынан

бастап алуға есептелген сақтандыру сыйлықақылары көрсетіледі.

2) NN 5 және 6 бағандарда қайта сақтандыру шарттары бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақылары, оның ішінде резидент еместерге жылдың басынан бастап төлеуге есептелген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі.

3) N 7 бағанда таза сақтандыру сыйлықақылары көрсетіледі.

4) 1.6, 2.5 және 3.15 жолдарда сақтандырудың өзге түрлері (кластары) көрсетіледі, сақтандырудың жаңа түрлері (кластары) жүргізілген жағдайда түсіндірме жазбада оның міндетті талдамасы көрсетіледі.

27. Комиссиялық сыйақылар (N 2 нысанға 2-қосымша).

1) N 2 бағанда сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша жылдың басынан бастап комиссиялық сыйлықақылар есептелген сақтандыру кластары көрсетіледі.

2) NN 3 және 4 бағандарда комиссиялық сыйақылардың жылдың басынан бастап резиденттер мен резидент еместерге қатысты алуға есептелген сомасы көрсетіледі.

3) NN 5 және 6 бағандарда комиссиялық сыйақылардың жылдың басынан бастап резиденттер мен резидент еместерге қатысты төлеуге есептелген сомасы көрсетіледі.

4) N 7 бағанда агенттерге жылдың басынан бастап төлеуге есептелген комиссиялық сыйлықақылардың сомасы көрсетіледі.

5) 1.6, 2.5 және 3.15 жолдарда сақтандырудың өзге түрлері (кластары) көрсетіледі, сақтандырудың жаңа түрлері (кластары) жүргізілген жағдайда түсіндірме жазбада оның міндетті талдамасы көрсетіледі.

28. Инвестициялық кіріс (шығыс) (N 2 нысанға 3-қосымша).

1) N 4 баған бойынша инвестициялық кіріс (шығыс) 2 және 3 жолдардың айырмасы ретінде анықталады.

2) N 4 баған бойынша инвестициялық кіріс 2.1-2.5 жолдардың қосынды сомасына тең.

3) N 4 баған бойынша мерзімді салымдар 2.2.1-2.2.2 жолдардың қосынды сомасына тең.

4) N 4 баған бойынша бағалы қағаздар 2.3.1-2.3.3 жолдардың қосынды сомасына тең.

5) N 4 баған бойынша үлестік бағалы қағаздар 2.4.1-2.4.2 жолдардың қосынды сомасына тең.

6) N 4 баған бойынша инвестициялық кіріс 3.1-3.5 жолдардың қосынды сомасына тең.

7) N 4 баған бойынша мерзімді салымдар 3.2.1-3.2.2 жолдардың қосынды сомасына тең.

8) N 4 баған бойынша бағалы қағаздар 3.3.1-3.3.3 жолдардың қосынды

сомасына тең.

9) N 4 баған бойынша үлестік бағалы қағаздар 3.4.1-3.4.2 жолдардың қосынды сомасына тең.

10) 2.5 және 3.5 жолдар бойынша өзге де инвестициялық кірістер (шығыстар) кірістер (шығыстар) түрлері бойынша көрсетілген жолдардың қосымша жолдарына оларды көрсете отырып талдануы қажет.

11) N 4 бағанның 2 жолы бойынша инвестициялық кіріс N 2 нысанның 4000 символының қосындысына сәйкес келуі қажет.

12) N 4 бағанның 3 жолы бойынша инвестициялық шығыс N 2 нысанның 13000 символының қосындысына сәйкес келуі қажет.

29. Өзге де кірістер (N 2 нысанға 4-қосымша).

1) Бұл бапта сақтандыру ұйымы кірістерінің өзге символдары бойынша көрсетілмеген кірістері көрсетіледі.

2) 5 жол сақтандыру ұйымдарының тапқан кірістерінің басқа түрлерін есепке ала отырып, оларды қосымша жолдарда көрсете талдануы қажет.

3) N 4 бағанның 1 жолы бойынша сома N 2 нысанның 5000 символы бойынша N 5 бағанның қосындысына сәйкес келуі қажет.

30. Сақтандыру төлемдерін төлеуге жұмсалатын шығыстар (N 2 нысанға 5-қосымша).

1) N 1 бағанда сақтандыру төлемдерінің жылдың басынан бастап есептелген сомасы көрсетіледі.

2) N 2 бағанда сақтандыру төлемдерінің жылдың басынан бастап қайта сақтандыруға алынған шарттар бойынша есептелген сомасы көрсетіледі.

3) N 3 бағанда қайта сақтандыру ұйымдарының қайта сақтандыру шарттары бойынша жылдың басынан бастап есептелген өтеу сомасы көрсетіледі.

4) N 4 бағанда үшінші тұлғалардан регресс талаптар бойынша жылдың басынан бастап алуға есептелген өтеу сомасы көрсетіледі.

5) N 5 бағанда үшінші тұлғалардан регресс талаптар бойынша жылдың басынан бастап қайта сақтандыру ұйымдарына төлеуге есептелген өтеу сомасы көрсетіледі.

6) N 6 бағанда сақтандыру төлемдерін төлеуге жұмсалатын таза шығыстардың сомасы көрсетіледі.

7) 1.6, 2.4 және 3.15 жолдарда сақтандырудың өзге түрлері (кластары) көрсетіледі, сақтандырудың жаңа түрлері (кластары) жүргізілген жағдайда түсіндірме жазбада оның міндетті талдамасы көрсетіледі.

31. Сақтандыру резервтеріндегі көбею (азаю) (N 2 нысанға 6-қосымша).

1) NN 1, 4, 7 бағандарда резервтердің N 1 нысанның 4110, 4120 және 4130 символдарының деректері бойынша есепті кезеңнің басындағы қалдығы көрсетіледі.

2) NN 2, 5, 8 бағандарда резервтердің N 1 нысанның 4110, 4120 және 4130 символдарының деректері бойынша есепті кезеңнің аяғындағы қалдығы көрсетіледі.

3) NN 3, 6, 9 бағандарда NN 2 және 1, 5 және 4, 8 және 7 бағандардың тиісінше айырмасы көрсетіледі.

4) NN 1, 2, 4, 5, 7, 8 бағандарда сақтандыру резервтерінің қалдығы қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесін алып тастай отырып көрсетіледі.

5) 1.6, 2.4 және 3.15 жолдарда сақтандырудың өзге түрлері (кластары) көрсетіледі, сақтандырудың жаңа түрлері (кластары) жүргізілген жағдайда түсіндірме жазбада оның міндетті талдамасы көрсетіледі.

32. Жалпы және әкімшілік шығыстар (N 2 нысанға 7-қосымша).

1) N 2 бағанда шығыстардың жіктеуі көрсетіледі.

2) 25 жол есептелген шығыстардың басқа түрлерін есепке ала отырып, оларды жоғарыда көрсетілген жолдың қосымша жолдарында көрсете талдануы қажет.

3) N 3 бағанда жалпы және әкімшілік шығыстар бойынша берешектің есептелген сомасы көрсетіледі.

4) N 3 бағанның 26 жолы бойынша қорытынды N 2 нысанның 11000 символы N 5 бағанының қосындысына сәйкес келуі қажет.

33. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер (N 2 нысанға 8-қосымша).

1) N 3 бағанда салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдердің есепті кезеңде есептелген сомасы көрсетіледі.

2) 11 жол бойынша қорытынды N 2 нысанның 12000 символы N 5 бағанының қосындысына сәйкес келуі қажет.

34. Өзге де шығыстар (N 2 нысанға 9-қосымша).

1) Бұл бапта сақтандыру ұйым шығыстарының басқа символдар бойынша көрсетілмеген шығыстары көрсетіледі.

2) N 4 баған бойынша өзге де шығыстар 2-6 жолдар қосындысының жылдың басынан бастағандағы сомасына тең.

3) 6 жол есептелген шығыстардың басқа түрлерін есепке ала отырып, оларды жоғарыда көрсетілген жолдың қосымша жолдарында көрсете талдануы қажет.

4) 1 жол бойынша сома N 2 нысанның 14000 символы N 5 бағанының қосындысына сәйкес келуі қажет.

**N 3 нысан. Ақша қозғалысы туралы есеп**

35. Сақтандыру ұйымының ақша қозғалысы туралы есептің N 2 бағанында мынадай баптар көрсетіледі:

1) Ақшаның жылдың басындағы қалдығы (500 символы).

Бұл бапта көрсетілетін сомалар N 1 нысанның N 4 бағаны 11000 символының қосындысына сәйкес келуі қажет. 600 символының қосындысы N 1 нысанның N 5 бағаны 1100 символының қосындысына сәйкес келуі қажет.

Операциялық қызмет.

2) Таза кіріс (110 символы).

Бұл бапта N 4 бағанның сомасы N 2 бағанның 22000 символының қосындысына сәйкес келуі қажет.

3) Амортизациялық есептеулер (111 символы).

Бұл бапта N 1 нысанның 2110 және 2210 символдары бойынша көрсетілген амортизацияның есептелген сомасы көрсетіледі. Есепті кезеңнің басы мен аяғындағы 2110 және 2210 символдарының қосындысындағы оң айырма 110 сомволының қосындысына қосылады, ал теріс айырма - алынады, яғни амортизация сомасының өсуі ақша түсіміне әкеледі де, азаюы - жылыстауына әкеп соғады.

4) Сақтандыру резервтеріндегі өзгерістер (112 символы).

Бұл бапта N 1 нысанның 1610, 1620 және 1630 символдары бойынша көрсетілген сақтандыру резервтерінің сомаларының айырмасы көрсетіледі. Есепті кезеңнің басы мен аяғындағы көрсетілген символдардың қосындысындағы оң айырма 110 символының қосындысынан алынады, ал теріс айырма - қосылады, яғни сақтандыру резервтері сомасының өсуі ақшаның жылыстауын қамтамасыз етеді де, азаюы - түсіміне әкеп соғады.

5) Сақтандыру қызметінің алу есепшоттары бойынша өзгерістер (113 символы).

Бұл бапта N 1 нысанның 1700 және 1800 символдары қосындысының есепті және оның алдындағы кезеңнің арасындағы айырма сомасы көрсетіледі. Тиісінше, айырманың оң сомасы 110 символының қосындысы сомасын азайтады, ал теріс айырма азайтады.

6) Сақтандыру қызметінен төлеу есепшоттары бойынша өзгерістер (114 символы).

Бұл бапта N 1 нысанның 4200, 4300 және 4400 символдарының есепті және оның алдындағы кезеңнің арасындағы айырма сомасы көрсетіледі. Есепті кезеңнің басы мен аяғындағы көрсетілген символдар қосындысының оң айырмасы 110 символының қосындысына қосылады, ал терісі алынады, яғни көбейеді.

13) Капиталдағы өзгерістер (310 символы).

Бұл бапта N 1 нысанның 8000 символының есепті және оның алдындағы кезеңнің арасындағы айырма сомасы көрсетіледі. Есепті кезеңнің басы мен аяғындағы 8000 және 8800 символдарының қосындысындағы оң айырма 110 сомволының қосындысына қосылады, ал теріс айырма - алынады, яғни

капиталдың өсуі ақша түсіміне әкеледі де, азаюы - жылыстауына әкеп соғады.

14) Заемдар (320 символы).

Бұл бапта N 1 нысанның 5100 символы бойынша көрсетілген заемдар сомасының айырмасы көрсетіледі. Есепті кезеңнің басы мен аяғындағы 5100 символының қосындысындағы оң айырма 110 сомволының қосындысына қосылады, ал теріс айырма - алынады, яғни заемдардың өсуі ақша түсіміне әкеледі де, азаюы - жылыстауына әкеп соғады.

15) Дивидендтер төлеу (330 символы).

Бұл бапта N 1 нысанның 5400 символы бойынша көрсетілген дивидендтер сомасының айырмасы көрсетіледі. Есепті кезеңнің басы мен аяғындағы 5400 символының қосындысындағы оң айырма 110 символының қосындысына қосылады, ал теріс айырма - алынады, яғни есептелген дивидендтердің өсуі ақша түсіміне әкеледі де, азаюы - жылыстауына әкеп соғады.

16) Өзгелері (340 символы).

Осы бапта сақтандыру ұйымының қаржы қызметі нәтижесінде ақшаның басқа да түсімдері немесе шыққан сомасы көрсетіледі.

36. 400 символы бойынша ақша қозғалысы 600 және 500 символдары қосындысының айырмасы ретінде белгіленеді. 100-300 символдарының сомаларын есептеу N 3 нысанның 400 символы бойынша көрсетілген сомаға тең болуы тиіс.

37. N 4 нысанда әрбір есепті күнге баланстан тыс есепшоттар бойынша қалдық көрсетіледі.

1) N 2 бағанда баланстан тыс есепшоттардың атауы көрсетіледі. N 2 бағанда көрсетілген есепшоттардан айырмашылығы бар баланстан тыс есепшоттар болған жағдайда, олар N 2 бағанның қосымша жолдарында көрсетіледі.

2) N 4 бағанда баланстан тыс есепшоттардың түріне байланысты мың теңгемен не санмен қалдық көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК